

Ш.Ботирова,
Қ.Мамбеталиев

БАЛАЛАР ӘДБИЕТІ (оқу қолданаба)



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖЭНЕ ОҒТА АРНАУҒЫ БИЛИМ МИНИСТРЛИҒИ

ШЫҒРЫШЫК МЕМЛЕКЕТТИК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ

Ш.Ботирова, К.Мамбеталиева

Бағалар әдебиеті (оқу қолданба)

- 13936/82 -

ЎЗБЕКISTON RESPUBLIKASI OLIY TAILIMI,
FAN VA INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI
CHIRCHIQ DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
AXBOROT RESURS MARKAZI

ЎЗБЕКISTON RESPUBLIKASI OLIY TAILIMI,
FAN VA INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI
CHIRCHIQ DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
AXBOROT RESURS MARKAZI
1-FILIALI

ШЫҒРЫШЫК - 2022
«BOOK TRADE 2022»

УДК 087.5
КБК 883.8
Б-88

Ш.Ботирова, К.Мамбеталиев / Балалар әдебиеті / оқу қолданба, -
Шыршық: «Book trade 2022», 2022. – 164 б.

Аннотация

Оқу қолданба «Балалар әдебиеті» пәнін жетік меңгеру үшін негізделген. Оқу қолданбада балалар әдебиетінің түрлі кездеті жәйіттері көрініс тапқан. «Балалар әдебиеті» пәні - жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш білім бағыттарында өтілетін теориялық пән. Оқу қолданба студенттерді балалар әдебиетінің қыр-сырымен таныстыру мақсатына орай жазылған.

Балалар әдебиеті – ертеден келе жатқан ұлттық тәрбиенің негізі болып саналады. Балалар әдебиеті арқылы біз жас ұрпақты ауылдандырып, жастар арасындағы татулыққа жетелей аламыз.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының 5111700 – Бастауыш білім мамандықтарына арналған.

Пікір білдірушілер:

У.А. Байқабылов
- ШМПУ-дің «Өзбек тілі және әдебиеті»
кафедрасының аға оқытушысы

Қ.А. Қодиров
- Ажынияз атындағы Нұкус мемлекеттік
педагогика институты проректоры,
педагогика ғылымдары докторы, доцент

Бұл оқу қолданба Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы
білім министрлігінің 2022 жылғы 19 июльдегі 233-санды бұйрығына
негізделіп, оқу қолданба ретінде баспаға рұқсат етілді. (№233-0386).

ISBN 978-9943-9512-4-2

© Ш.Ботирова ж.б., 2022
©«Book trade 2022», 2022

КІРІСПЕ

Балалар әдебиеті — балалардың эстетикалық талғамын дамытатын көркем шығармалар ғана емес, балалар әдебиеті — балалар өмірінің энциклопедиясы. Бастысы – балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйге, ата-анасын сыйтау, үлкенге құрмет көрсету, нәтижелілікке тәрбиелеу. Балалар әдебиеті – бүгінгі ұлттық әдебиетімізде көркемдік-шығармашылық және татылымдық-тәрбиелік мақсаттарды басты нәтижеде ұстап, балалардың жас ерекшелігіне қарай дамып келе жатқан сала. Бұл салада балалардың жастық, білімділік ерекшеліктері еске алынады. Олардың психологиялық өсу процестері ескеріледі, оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады. Сол себептен балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ірі мұраттарға баулу.

Балалар әдебиеті әдебиеттің өз алдына жеке дара саласы болғандықтан, бұл саланың өзіне тән ерекшелігі, тілі мен өзіндік бағыт-бағдары бар. Яғни, балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің бір арнасы. Оның да өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиеттік мұралармен бірге дамып келсе, соңынан өз алдына дараланып, өз ерекшеліктерімен таныла бастады. Балалар әдебиетінің басты ерекшелігі – тақырыбында, екіншінен, бала тіліне лайық көркемдігінде, үшіншінен, тәрбиелік-танымдық, дидактикалық ұнықтылығында, төртіншінен, балаға тән юмор қажет. Баланың қажеттілігінен, сұранысынан, талабынан шығу үшін оларға тән қылық, мінез керек. Ол үшін көркем шығарма шынайы, табиғи суреттелуі керек. Осығыз баланы алдау мүмкін емес. Бірақ ол шындық қоғам дамуына сай өзгеріп, уақыт талабына шығып отырса нұр үстіне нұр болады.

Өтпелі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру жүйесі де, реформалануда. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірыңғай шаралар жүзеге асырылып бара жатыр. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Миромоновицтің «Кітап оқып, өз бетімен жұмыс істеген адамның қанаты болады. Ол бейжай қалмайды. Оның күші – білімінде. Сондықтан ол ешкімді ұнатпайды. «Үлкендерге» жарымпазандайды. Оның білімі бар, ілімі бар. Кітап оқу дегеніміздің себебі осы. Егер сіз кітап оқысаңыз, сұрақ жоюды

білесі» - деп айтқан сөзінде үлкен мағына жатыр. Осы сөзден келіп шығып біз жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Жасөспірімді дұрыс бағытта сілтеп, сол үшін ат салысатынының бірі - балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты - мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынттады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Соның үшін де жастар арасында ауызбіршілік пен татулықты нығайту үшін оларды көркем шығармалар оқуға баулуымыз керек. Болашақ ұрпақта жалпы адамзатқа деген құрмет сезімін оята алсақ біз әрине мақсатымызға жеткен боламыз.

Балалар әдебиеті туралы түсінік.

жоспар

1. Балалар әдебиеті – рухани қазына
2. Қазақ балалар әдебиеті жайындағы зерттеулер
3. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері

Мақсаты: Балалар әдебиеті туралы түсінік беру, теориялық негіздері туралы мағлұмат беру. Балалар әдебиетінің тарихи қалыптасу, даму жолдарын меңгерту. Әдістемелік мұра және оны талдау әдістері туралы түсінік беру

1. Балалар әдебиеті – рухани қазына.

Балалар әдебиеті жайында әңгіме қозғанда, біздің есімізге XX ғасырдағы орыс әдебиеті дәстүрі түседі. Қазан төңкерісі жеңіске жеткен алғашқы күндерден бастап-ақ М.Горький балалар әдебиетін дамыту жөнінде пікір айтып, практикалық шараларды жүзеге асыра бастаған. Санкт-Петербургте балалар журналын ұйымдастырған, балаларға арналған сериялық кітапхана жасау керектігін айтып, бағдар сілтеген. Ойлап қарасақ, ұлы жазушының осы іс-әрекетінде көрегендік жатады екен. Өйткені, балалар әдебиеті – жалпы әдебиеттің дамуы үшін баспалдақ болады.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақта балалар әдебиеті деген ұғым бола қойған жоқ. Оған қарап, қазақта балаларға арналған рухани қазына жасалмаған екен деп ойлауға болмайды. Қазақтың бай ауыз әдебиеті, халық әдебиеті, жыраулар поэзиясы – тұнып тұрған балалар әдебиеті. Қазақ балалар әдебиетінің түп атасы – Ыбырай Алтынсарин. Негізгі XIX ғасырда қаланған балалар әдебиеті XX ғасырда С.Дөнентаев, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, Т.Жомартбаев шығармалары арқылы дамып, өрістеді. Жырымасыншы жылдардың аяғында І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ө.Тұрманжанов секілді қаламгерлердің тікелей балалар әдебиетімен шұғылданыуы, өздерімен бірге қаламдастарын тартып, көптеген мәселелерді ортаға салып, ойласып шешуі - әдебиеттің бұл саласына ерте назар салына бастағанын аңғартады.

М.Әуезовтің “Көксерек” философиялық әңгімесі, Ө.Тұрманжановтың “Құмырсқалар, арапар – қияспас дос, құдалар” мысал-поэмасы, Б.Соқпақбаевтың “Менің атым Қожа” повесі қазақ балалар әдебиетінің табысына айналды. Қазақ акын-жазушылары аталған шығармаларымен әлемдік балалар әдебиетінің образдық галереясын жанаалады, жанрлық байлығын толықтырды дей аламыз.

С.Мұқанов, Ө.Тұрманжанов, С.Бегалин, С.Омаров секілді аға буын шығармаларынан XX ғасыр басындағы, сол жылдардағы балалар тағдырын

табамыз. Бертінде Б.Сокпабаев, С.Бакбергенов, Н.Серәлиев, О.Сәрсенбаев, М.Мағауин, М.Қаназов Отан соғысы жылдарындағы балалар өмірін бейнеледі. Әдебиетке жаңа буын келді. Олар әдебиеттегі кейіпкерді жалапалды. Әрбір жаңа буын өз өмірбаянын әкеледі әдебиетке. Демек, біз қазақ әдебиетінің жас буын шығармашылығымен танысасак – жаңа буын өмірбаянымен табысуға, сырласуға тиісті екенбіз. Егер ол шығармалар балалар әдебиеті туындысы болса, міндет екі есе ауырлайды деген сөз. Өйткені, авторлардың бала шақта түйсінген өмір сыры, таптамы басқа, көркемөнер жөнінде байланы бөлек, ғылыми-техникалық прогресс қойнауында тіршілік кешіп отырған бүгінгі бала оқырманды шығарма ретінде сүйсіндіруі, түйсіндіруі, шарапатымен қозғауы керек қой.

Өкінішке қарай, қазақ балалар әдебиетіне деген ынта-ықылас кейін келе түрлі себептермен бәсеңдеді де, көкейкесті көп проблемаларын ортаға салып шешу үрдісінен жанылып қалды. Балалар әдебиетінің ендігі халі жекелеген таланттар еркінде қалған еді. Сондықтан, қазақ балалар әдебиеті әдебиетке жігерлі, білімді таланттар келген сәттерде ғана ілгерілеп, көп ретте іркілумен келді. Солай дей тұрсақ та, қазақ балалар әдебиетінің өзіндік қызықты талдары, сан алуан проблемалары бар. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті - орыс тіліне, орыс тілі арқылы әлем халықтары тіліне жүйелі аударылып, жұрт назарын жете аударып жатпайтынын, өз тілінде не дәуір ілгерілеп өскен әдебиет.

Қазақ балалар әдебиеті – қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сапа. Жас балалар өздерінің алғашқы кішікенттай ойындарынан бастап-ақ үлкен кісілердің істеріне еліктейді. Жас баланың ой-арманы асқақ келеді. Олар да ұшқыш болып аспанда шарықтап, судан жүзсем, түрлі машиналар ойлап шығаратын ірі конструктор болсам, мұғалім, ғалым болсам, космонавттар қатарына қосылып, солардай жер жүзін таң-тамаша етсем деп қияланады. Қапай да тез өсіп үлкендер қатарына қосылуды, данқты адамдардың қатарында болуды аңсайды.

Жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, сол үшін ат салысатынын бірі - балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты - мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынттады. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Жазушы М.Пришвин қаламынан шығып, кейін қанаттанып кеткен “Балалар әдебиеті – кішікенттайлардың үлкен әдебиеті” деген пікірде көп мән-мағына бар. Табиғатпен іргесін ашпай, тармоңиялық бірлікте қалам тербеп отқен ойышыл айтып отырған “кішікенттайлар”, теренірек ой жіберіп қарасақ, адамзат болашағы болып шығады. Ендіше, балалар әдебиеті сол болашақ, келешекті тәрбиелейтін рухани үлкен күш қой.

Жете үйіліп қарағанда, бүгінгі балалар әдебиеті уақыт талабынан кенжелеп келе жатыр. Кенжелектің ең басты себебі балалар әдебиетінің профессионалдык талабынан, өзіндік ерекшелігінен туындайды. Соның көбісі қазіргі бала табиғатының күрделілігінен туындап отыр. Өрине, бала табиғатының күрделілігі – ұлы Л.Толстойдан бері сан рет қайтталанып, айтылып, жазылып келеді. Әйтсе де, әр кезеңнің уақыт, қоғамға сай өзіндік күрделі сипаттары болған шығар-ау, ол бірақ, тап бүгінгі уақыт нерзенттеріндей жұмбақ күйге айнала қоймаған. Зерттеуші Акимованың пікірімен айтсақ: “бүгінгі бала табиғатының күрделілігі сонша – ол ғылым үшін жаңа пәнге, өнер үшін бұрын-соңды болып көрмеген материалға айналып отыр”. Бұл күрделілік уақыт күрделілігінен туындайды.

Ғалымдар зерттеуіне қарағанда, әр бір он жылдықта дүниеге келген сөби, бала психологиясы бір-бірінен көп алшақ жатады екен. Қазіргі таңда Халықаралық балалар әдебиетін зерттеу қоғамы(МОИДП) құрылу сыры да осында жатса керек. Міне, осындай сетте, адамзат болашағы үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін еңбек ететін патриот болмаса, кімнің балалар жанын зерттеп, шығарма жазуға тәуекелі бара қойсын? Оның үстіне біздің балалар әдебиетіне назардың төмендігі, бар жұпарын балаларға арнайтын таланттардың еңбегі бағалана бермейтіні де әдебиеттің бұл саласының оржеңдеуіне келергі болмай тұрмайды.

Балалар әдебиеті - әрбір ұлт мәдениетінің мықтап қаланған тас іргесі, халықтың рухани ахуалын балалар әдебиетінің дамуымен өлшеу керек, балалар әдебиеті жолға қойылмай тұрып, әдебиетіміз кемелдену үстінде деп мақтанушылық – үйдің ірге тасын қаламай тұрып, шатырын жабамын деген дүрешілікпен бара-бар.

2. Қазақ балалар әдебиеті жайындағы зерттеулер

Балалар әдебиетінің жіктеуі, салаланып дамуы, сараланып сөз болға бастауы XX ғасырдың 30-шы жылдарынан басталды. 1927 жылы “Өтірік” деген жинаққа жазған алғысөзінде І.Жансүгіров “Ел өтірігі үлкендерден төрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады” - деп өтірік өленте бірінші рет анықтама береді. 1931 жылы жазған “Мен қалай жаздым?”